

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қарашадағы N 1748 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 қараша N 1771. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 1 наурыздағы N 181 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының әуе кемелері ұшуының қауіпсіздігі жағдайын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қарашадағы N 1748 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының әуе кемелері ұшуының қауіпсіздігі жағдайын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқықтық бөлімі меңгерушісінің орынбасары - Серік Нұртайұлы Баймағамбетов енгізілсін;

көрсетілген құрамнан Қайрат Әбдіразақұлы Мәми шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі